



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 32 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2009 ЖЫЛҒЫ 30 ЖЕЛТОҚСАН**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2010 жылы теңгенің айырбастау бағамының таргеттелетін орташа мәні бір АҚШ доллары үшін 150 теңге деңгейінде сақталатынын хабарлайды. Сонымен бірге әлемдік тауар және валюта нарықтарындағы ахуалды ескере отырып, сондай-ақ бағам белгілеудің икемділігін арттыру үшін жағдайлар жасау мақсатында теңгенің ауытқуларының дәлізі +15 теңге (немесе 10%) және -22,5 теңге (немесе 15%) дейін кеңейтіледі.

Теңге бағамының динамикасындағы басым үрдістер АҚШ долларының еуроға қатысты бағамының, Ресей рублінің осы екі валютаға қатысты бағамының динамикасына, Қазақстан Республикасының негізгі экспорттық тауарларына әлемдік бағаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы төлем балансының жай-күйіне байланысты болады.

Бұл дәліз 2010 жылғы 5 ақпаннан бастап 2011 жылғы 20 наурызды қоса алғанда белгіленеді. Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының таргеттелетін мәнін және/немесе ауытқулары дәлізінің шектерін өзгерту әлемдік валюта және тауар нарықтары көрсеткіштерінің динамикасындағы ұзақ мерзімді үрдістердің күрт өзгеруі кезінде ғана ықтимал.